

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР
ТАЛҚЫЛАНҒАН САПАРДА



3

«ОҚИҒАСЫЗ КҮНДЕР»
ДӘСТҮРЛІ БАЙҚАУДЫҢ
ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



4-5

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ
БӨЛЕНГЕН АЗАМАТ
майталман мұнайшы Махамбет Батырбаев – 80 жаста



6

Ембі ТЫНЫСЫ



№1 (106)
АҚПАН
2023 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Әйел күннің шуағынан жаралған

ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІК АРУЛАР!

**БАРШАЛАРЫҢЫЗДЫ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ТАМАША МЕРЕКЕНІҢ БІРІ -
8-НАУРЫЗ-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ МЕЙРАМЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

Қазақ мұнайының «қара шаңырағы» саналатын, мұнай-газ секторының бастауында тұрған - «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында бүгінгі таңда 818 қыз-келіншек еңбек етуде. Мұнайшы қыздардың қай-қайсысы да еселі еңбектерімен абыройға бөленуде. Өйткені, олар өндірістегі ауыр жұмыстарды ерлермен қатар тең дәрежеде сапалы атқарып қана қоймай, компанияның өркендеуіне үлес қосып, ұжымның қоғамдық өміріне де белсене араласып келеді.

Компанияда еңбек ететін қыз-келіншектердің арасынан

2-уі бас директордың орынбасары,

департамент басшысы-1,

учаске басшысы-1,

учаске басшысының орынбасары -1,

24 қыз-келіншек бөлім және топ меңгерушісі,

65-і геолог,

85-і инженер,

өндіріс шебері-8,

операторлар- 281 адам.

519 мұнайшы қыз жоғары білімді,
20 әйел адам магистратуры бітірген.

Бұл сандардың артында ембілік қыз-келіншектердің компанияның дамуына қосқан зор үлесін байқауға болады. Біз мұнайшы қыз-келіншектердің тәуелсіз еліміздің болашағы үшін қосқан сүбелі үлестерін әрқашан мақтанышпен айтамыз.

*Құрметті ембілік арулар! Сіздерді 8-наурыз -
Халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отырып,
мықты саулық, еңбектеріңізге толымды табыс,
отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!*

Мереке құтты болсын, арулар!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылық құрамындағы өзгерістер жайлы хабарлайды



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып Дәулетжан Хасанов тағайындалды. Ол операциялық активтердегі мұнай мен газды барлау және өндіру бағытына, олардың тиімділігін арттыруға және одан әрі дамытуға, сондай-ақ КМГ-нің ресурстар базасын кеңейтуге және кен орындарын тиімді игеруге жетекшілік ететін болады. Д. Хасанов әр жылдары «Қаражанбасмұнай» АҚ президенті, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры қызметтерін атқарды. Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары болған Құрманғазы Есқазиев «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС Бас директоры болып тағайындалды.

Дәулетжан Хасанов - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып Қуаныш Құдайбергенов тағайындалды. Ол ірі мұнай-газ активтері бағытына жетекшілік ететін болады.

Әр жылдары «Интегра» ЖАҚ-та бұрғылау инженері, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ техникалық маманы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі мұнай-газ жобаларын дамыту департаментінің менеджері болып жұмыс істеді, «КМГ Кансу Оперейтинг» ЖШС, «Ромпетрол С.А.» компанияларында басшылық қызмет атқарды.

2017 – 2021 жылдары – ҚР Энергетика министрлігінің мұнай өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры.

2021 жылдың маусымынан 2023 жылдың қаңтарына дейін – «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» бас директорының орынбасары.

Басқарма төрағасының ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі орынбасары болған Мұрат Мұнбаев 2022 жылғы желтоқсан айында өз еркімен қызметінен босатылды.



Қуаныш Құдайбергенов - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып Серікқали Брекешев тағайындалды.

Ол газ жобаларын дамыту бағытына жетекшілік ететін болады.

С.Брекешев 2021 жылдың қыркүйек айынан 2023 жылдың қаңтарына дейін экология, геология және табиғи ресурстар министрі лауазымын атқарды.

Әр жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ техникалық саясат департаментінің директоры, бас директордың ресурстық базаны дамыту және техникалық саясат жөніндегі орынбасары; ҚР мұнай және газ министрлігінде газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры; «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Құрақұдық» ЖАҚ компанияларында инженерлік техникалық қызметтер атқарды.

Серікқали Брекешев - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары

Қ.Көшербаев жұмыс барысымен «Ембімұнайгаз» АҚ-да болды



«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директоры Қырымбек Көшербаев іс-сапармен Ембі өндірісіне келді. Еліміздің мұнай-газ саласының бастауында тұрған отандық кәсіпорынның өндіріс барысымен және еңбек адамдарының жағдайымен танысты.

Қырымбек Елеуұлы алдымен Доссор жерінде болып, алғаш мұнай табылған ұңғымаға орнатылған ескерткішке ат басын бұрды. Жергілікті өңірдегі отандық кәсіпшіліктің жағдайын білді.

Бұдан кейін сапар барысы «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Уаз кен алаңында жалғасты. Өндірісті автоматты түрде бақылауға негізделген «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы Ембі өндірісінің жаңалығы. Жаңа жоба алдымен Уаз кенішінде қолға алынған болатын. Кен алаңындағы өнім өндіру барысын, ұңғымалардың жұмысын бір орталықтан басқаруға мүмкіндік беретін аталмыш жобаның бүгінгі жағдайымен жан-жақты танысқан Қ.Көшербаев компанияның бас кеңсесіндегі Өндірістік процесті басқару орталығында болып, өндірісті бір орталықтан қадағалау жәйімен танысты.

«Ембімұнайгаз»АҚ басшылығының 2022 жылдың қорытындысымен, 2023 жылдың алғашқы айы - қаңтардағы өндірістік көрсеткіштердің орындалу барысымен және алда тұрған міндеттерге талдау жасау мақсатындағы өндіріске іс-сапарлары басталды. Алғашқы сапар «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында болды.



орнына бір биік тіректі орнату үшін үнемі. Бұл көше жарығын ұйымдастырудың материалдық шығындарын азайтады, көшенің металл конструкцияларымен шамадан тыс жүктелуіне жол бермейді, өмірлік маңызды объектілерге орын босатады. Сонымен қатар, автокөліктің гидравликалық көтергіштерін пайдаланбай-ақ техникалық қызмет көрсету ыңғайлы және қауіпсіз болып табылады.

Аталмыш басқарманың өндірістік көрсеткішімен танысуға барған жұмыс тобының мүшелері Б.Жоламанов атындағы кен алаңында орналасқан жоғары дінгекті тіректің жұмысымен танысты. 2019 жылдан

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНҒАН САПАРДА

КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕМБІ ӨНДІРІСІНЕ АРНАЛҒАН ІС-САПАРЛАРЫ БАСТАЛДЫ

Компания Бас директорының м.а. Қанатбек Қасымғалиев бастаған жұмыс тобының мүшелері «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Шығыс Уаз, Солтүстік Уаз, Шығыс Молдабек, Б.Жоламанов кен алаңдарында болып, өндірістік көрсеткіштердің орындалу барысымен, әлеуметтік нысандардың бүгінгі жағдайымен танысты.

Басқарманың жауапты мамандарының қатысуымен болған қорытынды жиналыста сұйықтықтың жиналу пункттерінің жұмысы және өнімнің тасымал жәйі, ұңғымаларды жайғастыру, күрделі жөндеу, сорап стансасының жұмысы, кен алаңдарын сүмен қамту барысы және өндірістің қоршаған ортаға әсері, өндірістегі әлеуметтік нысандардың: жатақхана, асханалардың жөндеу жұмыстарының жүру барысы кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, аталмыш басқармада жұмыс істеп жатқан мердігер мекемелердің жұмыс нәтижелері де баяндалып, алдағы уақытта қолға алынатын жұмыс жоспары пысықталды.

Енді қорытынды жиналыста айтылған кейбір мәселелерге кеңірек тоқталсақ.

2022 жылды қайнарлықтар айтарлықтай табыспен аяқтады. Өнім өндіру жоспары артығымен орындалып, қосымша 780 мың тонна мұнай өндірілді. Өнім өндіру жоспарын тұрақты орындауға мүмкіндік жасайтын бүгінгі таңдағы тиімді жол - бұрғылаудан шыққан ұңғымалардың іске қосылуы, ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу. Бұл орайда, аталмыш басқармада 2022 жылы 8 ұңғыма бұрғыланып, қосымша 18 792 тонна өнім өндіруге мүмкіндік болды. 30 ұңғымаға күрделі жөндеу жүргізіліп, бұл ұңғымалар да қосымша өнім өндіруге жол ашты. Тиімді нәтижесін көрсеткен бұл жұмыстар биыл да жалғасып, тағы 13 ұңғыма бұрғыланады, олардан айтарлықтай қосымша өнім алуға жұмыстанамыз деп күтілуде (қосымша 17,8 мың тоннадай).

Жиын барысында өнім көрсеткішін тұрақты орындау жәйі айтылғанда, мұнай құрамындағы топырақ мәселесі де қоса көтерілді. «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ басқармасы үшін өнім құрамындағы топырақты ұстап қалу фильтрін орнату жәйі көптен айтылып келе жатқан мәселе. Бұл өңірдің мұнайы құрамында топырақтың көптігімен ерекшеленеді. Осыған орай, топырақтың қабатта қалу жолына тосқауыл қою барысы жиналыста баса айтылды.

Жиын барысында баса мән берілген

мәселенің тағы бірі - кен алаңдарындағы нысандарда жүріп жатқан құрылыс жәйі.

«Ембімұнайгаз» АҚ өзінің жұмысында әркез басымдық беретін бағыты - қарапайым еңбек адамының алаңсыз жұмыс істеуіне бар мүмкіндікті жасау. Бұл орайда, 2022 жылы Кенбай кенішіндегі №1, №2 жатақханаларға, Қайнар вахталық қалашықтағы 27 пәтерлі ғимаратқа, Б.Жоламанов кенішіндегі асханаға күрделі жөндеу жүргізілген.

Шығыс Молдабек пен Б.Жоламанов кен алаңдарындағы өнім жинақтау пункттеріндегі сорғы ғимараты жөндеуден өткен және Б.Жоламанов, Уаз кеніштеріндегі 1000, 2000 куб. текше метрлік жаңа екі қазан құрылысы бітті.

Өткен жылы құрылысы басталған Ш.Молдабек кен алаңындағы көп фазалы сорғы стансасының құрылысы биылғы жылдың 1-тоқсанында аяқталады деп күтілуде.

Өндіріс ішілік жолдың сапасын кезек-кезеңімен жақсарту. Бұл - компания үшін өзекті мәселе. Ембі өндірісіне қарасты барлық кен алаңдарында бұл бағыттағы жұмыстар үнемі өзекті саналады. Бұл орайда, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Кенбай кен алаңындағы ішкі жолдарды жобалау - іздестіру жұмыстары жасақталып жатыр.

Құрылыс мәселесі күн тәртібіне көтерілгенде орын алған проблемалар да назарда. 2022 жылы Б.Жоламанов кен алаңындағы 60 орынды жатақханаға күрделі жөндеу құрылыс жұмысы мердігер мекеменің тарапынан ұйымдастыру шараларының дұрыс жолға қойылмағандығынан аяқталмай қалды. «Жұмысшылардың демалуына мүмкіндік жасау, дәл осы әлеуметтік нысандардың талапқа сай болуынан басталады», - деген ойды ұстанған компания басшылығы бұл жөнінде құрылыс жұмыстарын басқа мердігер мекемеге тапсыру керек деген ойды алға тартты. Өткен жылы уақытылы аяқталмай қалған тағы бір нысан - Кенбай кенішіндегі әкімшілік ғимаратының құрылысы. Бұл да мердігер мекеменің тарапынан кеткен олқылықтың салдарынан.

Ембі өндірісінде шығындарды барынша азайту - күн тәртібінен түспейтін басымдық. Өнім өндіру барысында жұмсалатын электр энергиясын үнемдеу мақсатында жаңалықтар мен өзгерістерді өндіріске енгізу жұмыстары қолға алынды. Бұл орайда, 2019 жылы «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жоғары дінгекті тірек құрылымын орнату жүзеге асты.



Жоғары дінгекті тірек - бұл энергия шығынын және оның айналасын айтарлықтай үнемдейтін жарықтандыру құрылымы. Мұндай үнемдеудің шарты - бағананың биіктігінің жоғарылауы және бір тірекке көптеген шамдар тобын орнату мүмкіндігі. Кең аумақтың аумағы бірнеше типтік құрылымдардың

бастап өндіріске енгізілген бұл жарықтандыру құрылымы алдағы уақытта да орналастырылады.

Компания басшылығының «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында болған сапарында кешегі күннің жұмыстары баяндалумен қатар, алдағы күннің жоспарлары да нақтыланды.





«ОҚИҒАСЫЗ КҮНДЕР»

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас кеңсесінде өндірісте техникалық қауіпсіздікті сақтау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша 2022 жылдың қорытындысына арналған есеп беру жиыны өтті. Оған Компания басшылығы, өндірістік құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен жауапты мамандары қатысты.



дәстүрлі байқаудың

ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Есеп беру жиынында аталған мерзім ішінде еңбек қауіпсіздігін сақтау, экологиялық талаптарды орындау, өрт қауіпсіздігін болдырмау мақсатында нәтижесін тапқан іс-шаралар мен орын алған проблемалық мәселелерге кеңінен тоқталды. Алдағы уақытты назар аударуға тиісті шаралар нақтыланды.

Есеп беру жиынының екінші бөлігі еңбек және өнеркәсіп қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау мен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша ұйымдастырылатын дәстүрлі «Оқиғасыз күндер» байқауының қорытындысына арналған марапаттау рәсіміне ұласты. Байқаудың аясында бірнеше номинациялардың үздіктері анықталды.





МАРАПАТТАЛҒАН ҮЗДІКТЕР:

1. «Техникалық қауіпсіздік жөніндегі үздік инженері» номинациясымен:

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімі бастығының орынбасары Биғалиев Мұрат Аққалиұлы,
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі инженері Серікбаев Ерлан Шалхарұлы,
«Ембімұнайэнерго» басқармасының 1- категориялы еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау тобының инженері Балғымбаева Ағила Ишимқызы.

2. «Қозғалыс қауіпсіздігінің үздік инженері» номинациясымен:

«ӨТҚЖЖК» басқармасының арнайы техника және автокөлік колоннасының механигі Наурызғалиев Нұрғат Оразғалиұлы,
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының қозғалыс қауіпсіздік инженері Науанов Маулен Қажығалиұлы,
«Ембімұнайэнерго» басқармасының арнайы техника және автокөлік колоннасының инженері Байманов Қайырбек Ермекбайұлы.

3. «Оқиғасыз күндер» номинациясы бойынша:

(Бастапқы өндіріс)
«Қайнармұнайгаз» басқармасы ЕҚЖӨК бөлімінің бастығы Рахметолла Манас Жалғасұлы жүлделі I-орынмен,
«Жайықмұнайгаз» басқармасы ЕҚЖӨК бөлімінің бастығы Шәужанов Сүлеймен Парұхұлы жүлделі II-орынмен.

(қосалқы өндіріс)
«Ембімұнайэнерго» басқармасы ЕҚЖӨК тобының жетекшісі Камиев Руслан Жұмажанұлы жүлделі I-орынмен,
«ӨТҚЖЖК» басқармасы ЕҚЖӨК тобының жетекшісі Айдарбаев Аманжан Танатарұлы жүлделі II-орынмен,

4. «Ұңғымаларды күрделі жөндеу, Ұңғымаларды жер асты жөндеу бойынша үздік бригада» номинациясы бойынша:

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №6 бригадасы жүлделі I-орынмен марапатталды. Бригада шебері Қуантаев Мейірман Қарабайұлы, Дюсеғалиев Жәніс Тәженұлы.

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №11 бригадасы жүлделі II-орынмен марапатталды. Бригада шебері Калиев Нұрлан Ниетбайұлы, Есмұханов Равиль Қуандықұлы.
«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Құлсары тобының №1 бригадасы жүлделі III-орынмен.
Бригада шебері Ұлжанов Темірболат Аманкелдіұлы, Кубесов Амантай Райұлы, МГӨЦ бастығы Ұлжанов Асылбек Жардемұлы.
«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Шығыс Мақат кен орнының №1 бригадасы жүлделі III-орынмен.
Бригада шебері Құрманов Исатай Амангелдіұлы, Болғанбаев Нұрбағыт Балпанбайұлы.

5. «Үздік цех» номинациясы бойынша:

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Кенбай» кен орны мұнай дайындау және айдау цехы жүлделі I-орынмен. Цех бастығы Әбдеш Еркін Мәдешұлы, цех бастығының орынбасары Тайжанов Аян Аманкелдіұлы.

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Забурын» кен орны №4 мұнай-газ өндіру цехы жүлделі II-орынмен.

Шеберлері Қадылжан Тұңғышбек Қадылжанұлы, Ақтаев Бактыгерей Шанұлы, цех бастығы Сахалин Құрманғазы Қинашұлы.

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «О.Ш.Қамысты» кен орны №5 мұнай дайындау және айдау цехы жүлделі II-орынмен.

Шеберлері Ералиев Жәнісхан Қадилбекұлы, Маржанов Руслан Асылбекұлы.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Құлсары» мұнай дайындау және айдау цехы жүлделі III-орынмен. Цех бастығы Бешимов Сатыбалды Наурызғалиұлы.

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Шығыс Мақат» мұнай дайындау және айдау цехы жүлделі III-орынмен.

Цех бастығы Тайпанов Мұрат Тлеукұлұлы.

6. «Үздік участок» номинациясы бойынша:

«Ембімұнайэнерго» басқармасының АЭТ Прорва учаскесі жүлделі I-орынмен, басшысы Асқаров Нұрқат Саинұлы,

«ӨТҚЖЖК» басқармасының өндірістік қызмет көрсету учаскесі жүлделі II-орынмен,

учаске басшысы Төлегенов Сабыржан Базарғалиұлы,
«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Ұаз, Қондыбай мұнай-газ өндіру учаскесі жүлделі III – орынмен марапатталды. Учаске шеберлері Сәлімгереев Сәбит Бағытжанұлы, Ахметов Мейрамбай Теміржанұлы.

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы С.Балғымбаев газ дайындау учаскесі жүлделі III – орынмен марапатталды.

Учаске шебері Кадимов Мейіржан Жұмажанұлы.

7. «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» номинациясымен:

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Кенбай» мұнай-газ өндіру цехының операторы Мамбетов Дулат Көшенұлы,
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Жанаталап» кен орны №3 мұнай-газ өндіру цехының электрэнергетикалық жетекшісі Хамметов Иқран Нысанұлы,
«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Доссор» аудандық электртораның электржабықтарды жөндеу және қызмет көрсету электр монтері Орынбаев Әсетқали Ергалиұлы,
«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Қосшағыл» мұнай-газ өндіру цехы Ақінген бөлімшесінің 5-ші разрядты операторы Өмірзақов Құттымұрат Амангелдіұлы,
«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы №3 «Шығыс Мақат» мұнай-газ өндіру цехының операторы Сарсембаев Ізлеу Бағытұлы марапатталды.

8. «Үздік арнайы техника жүргізушісі» номинациясымен:

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының автокран машинисі Сұлтанғалиев Аманжан Нұрсейітұлы,
«Ембімұнайэнерго» басқармасының арнайы техника және автокөлік колоннасының жүргізушісі Хайдаров Қайырғали Тілекқабұлұлы,
«ӨТҚЖЖК» басқармасының арнайы техника жүргізушісі Кенжеахметов Мәжит Әдиетұлы,
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының арнайы техника және автокөлік колоннасының жүргізушісі Рахметов Амангелді Идеятұлы,
«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының арнайы техника және автокөлік колоннасының жүргізушісі Боздақов Беркін Өтебайұлы.

9. «Үздік рұқсат-жүктелім» жүргізу номинациясы бойынша:

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Кенбай» мұнай газ өндіру цехының механиктері
Қайырханов Сабырхан Мирханұлы,
Зұлқаров Дамир Насиоллаұлы,
Аманқұлов Асланбек Маратұлы,
Нұрылғожиев Сарсенбай Жұмабайұлы жүлделі I-орынмен,
«Жайықмұнайгаз» мұнай газ өндіру басқармасы құрылыс бөлімінің құрылысты қадағалау жөніндегі инженері Балабаев Азамат Тілепұлы жүлделі II-орынмен,
«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Қайнар» АЭТ шебері Меңдіғазиев Думан Серікұлы жүлделі III-орынмен.

10. «Үздік инженер-эколог» номинациясымен:

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Прорва кен орындарын игеру тобы өндірістік басқармасының қоршаған ортаны қорғау инженері Тыныштықов Асылбек Нұржанұлы,

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженері Науанов Қажығали Бактығалиұлы,

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Самаликова Гүлшат Әбілқызы.

11. «Үздік үлгілі құжаттама» номинациясы бойынша:

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Терең-Өзек мұнай газ өндіру цехының бастығы

Нұрмашев Қанат Рахымжанұлы жүлделі I-орынмен,
«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы арнайы техника және автокөлік колонна бастығы Шыңғысов Каримолла Рахметұлы, колонна бастығының орынбасары Аманжол Жақсыбек Тоқтабайұлы жүлделі II-орынмен,

«Ембімұнайэнерго» басқармасы Доссор АЭТ басшысы Елеубаев Талғат Бактығұлұлы жүлделі III-орынмен.

ӘРІПТЕСТЕРІМІЗДІ МАРАПАТТАРЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде майталман мұнайшы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Атырау, Жаңаөзен қалалары мен Жылыой, Мақат, Қызылқоға аудандарының Құрметті азаматы Махамбет Батырбаевтың сексеннің сенгірі – 80 жасқа толуына орай салтанатты шара өтті.

Майталман мұнайшының мерей жасына арналған мерекелік «Ембімұнайгаз» ҰК» АҚ басшылығы, Бас компанияның еншілес мекеме басшылары, сонымен қатар, Астана, Алматы қалалары мен Маңғыстау өңірінен бір топ ардагер, ембілік ардагерлер мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның

сол еңбегіңіздің жемісін көріп, үлкен құрметке бөленудесіз,- деген Қанатбек Махмұдұлы мерейгерге Алғысхат табыстап, қазақи салт дәстүрмен иығына шапан жапты. Зайыбына да осындай құрмет көрсетілді.

Бұдан кейін сахна төріне көтерілген Атырау облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы Максим Ізбасов мерейгердің мұнайшылар



үйреттіңіз. Сіздің осы уақытқа дейін атқарған ісіңізді бір жиында тізбектеп шығудың өзі мүмкін емес. Бірақ, Атырау өңірі өзіңіздей атпал азаматпен мақтанатындығын айтуға тиіспіз. 80 жасыңыз құтты болсын, қазыналы қартымыз болып аман отырғайсыз!, - деп аққарма лебізін білдірді.

Махамбет Батырбаевтың кен алаңдарында мұнай өндірудің техникасын жетілдіруге үлес қосқаны белгілі. Сондай-ақ, «Өзенмұнай» өндірістік басқармасын «Маңғыстаумұнай» бірлестігінен еншісін алып, өз алдына дербес мекеме болуына сүбелі үлес қосты. Бұл туралы естелігімен маңғыстаулық меймандарды бастап келген «Мұнай-газ кешені ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестіктің бас директоры Анатолий Тегісбаев бөлісті.

- Махамбет Демешұлы 1978 жылы «Маңғышлақмұнай» ӨБ-не қарасты «Өзенмұнай» МГӨБ бас геологы болды. Ал, 1981 жылы аталған мекеменің басқармасына басшы болып тағайындалды. Теория мен практиканы тең ұстаған іскер басшының арқасында

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН АЗАМАТ

майталман мұнайшы Махамбет Батырбаев - 80 жаста

ұжымы қатысты.

Қарапайым еңбек адамының тағдырына әркез басымдық беретін «Ембімұнайгаз» АҚ үшін Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуы жолында қомақты үлес қосып, қолтаңбасын қалдырған аға буынның өмір жолдарын, олардың есімдерін бүгінгі мамандарға таныстыру, үлгі ету маңызды шараның бірі. «Ел игілігі жолындағы еңбекке бар саналы ғұмырын арнаған әрбір адам жоғары құрметке әбден лайық», - дейді ембіліктер.

Мерейжасқа арналған салтанатты шара Махамбет Демешұлының өмір, еңбек жолдарынан сыр шертетін деректі фильммен басталды. Сексеннің сенгіріне шыққан туған күн иесін құттықтаған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының м.а. Қанатбек Қасымғалиев «ҚазМұнайГаз» ҰК/АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтің құттықтауын жеткізумен қатар, барша ембілік мұнайшылардың ыстық лебізін жолдады.

- Сіз жалындаған жастық шағыңыздан бастап еңбекке араласып, биік белестерді бағындырдыңыз. Мен сізбен қызметтес болмасам да, аға буыннан сіз туралы тек жылы лебізін ести жүріп еңбек жолымды бастадым. Сізбен үзегілес еңбек еткен мұнайшылар өзіңізді «Таалаулы басшы, дер кезінде тиісті шешім қабылдай білетін басшы» деп бағалайды. Бүгінде



Махамбет Батырбаев, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, майталман мұнайшы:

Ембі өндірісінде еңбек еткен жылдарды маман болып жан-жақты қалыптасу мектебім дер едім. Сол кезеңдердегі қызмет еткен жылдардың жарқын беттерінің бірі - «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының құрылуы, жаңа басқарманың іске қосылуын ерекше атап өтер едім. Ол-ел экономикасына үлкен сын болған жылдар, ауыл жұртшылығының иығына үлкен салмақ түсіп, ел үдере көшкен кездер-тін. Сол аумалы-төкпелі уақытта жаңа басқарманың ашылуы, мұнай кен алаңы қатарларының толығыуы – ауылдықтар үшін қиын сәттерден, жұмыссыздықтан шығар жол болды.

Қазақ мұнайының бастауында тұрған «Ембімұнайгаз» АҚ-да қызмет еткен жылдарымды өмірімнің жарқын беттері деп бағалаймын. Ембі өндірісінде маман ретінде қолтаңбамның қалуы - мен үшін зор мәртебе.

ортасындағы лайықты орнын атай отырып, кешегі күндердің естелігіне шолу жасап өтті.

- Сонау 1992 жылы Махамбет Демешұлы «Теңізмұнай» өндірістік бірлестігіне басшылық жасады. 1993 жылы басшыға қосымша кен орындарын игеру туралы ұсыныс айттық. Осы кезде Махамбет Демешұлы өндіріс басында жүріп, Қысымбай кенішінің іске қосуға көп жұмыстанды. Әрине, құрамында күкіртті сутегі бар мұнайды игеру оңай болма-

ды. Бірлескен жұмыстың, дұрыс басшылықтың арқасында қиындықты жеңе білдік. Махамбет Демешұлының бір ерекшелігі мұнайшылардың әлеуметтік жағдайына әр кез назар аударып отырды. Олардың денсаулығына айрықшы мән беретін. Жылыой ауданында Қамысқөл емдеу-сауықтыру шипажайы сол Махамбет Батырбаевтың кезінде іске қосылды. «Аруақ риза болуы керек» деп Ақмешітке де көңіл бөлді, - деген Максим Шафихұлы мерейгердің кешегі күндерде ел үшін жасаған ерен еңбектерін еске түсірді.

Ш а р а ғ а жиналғандардың ерекше мәнберейтқандары Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел экономикасы үшін қиын сәт болды. Мұнай өндірісінің көрсеткіші құлдырап, мұнайшы мамандығының мәртебесі төмендеді. Н а қ т а л а с а қ, мұнайшы болсам деген қызығушылық

тын. Сол қиын сәттерде Махамбет Батырбаев Өзен, Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас, Ембі кен орындарында қызмет етіп, өндірістің барлық қиындығына төтеп берді. Жалақының айлап берілмей кідіріп жатқан кездерінде де тығырықтан жол таба білді. Мұнай кәсіпшіліктерінің жанынан шұжық цехы, кірпіш шығару зауыты, егін шаруашылықтары, қауын-қарбыз егетін егіс алқаптарын іске қосып, одан түскен табысты мұнайшыларға беру жөнінде батыл шешім алды. Сонау егемендіктің алғашқы кезеңдерінде, нарықтың талабы екі кеудеден қысып тұрған шақта мұндай шешімді қолға алуды ерлікпен пара-пар еді.

Келесі жылы лебізді атыраулық мұнайшылар династиясының өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Махамбет Досмұхамбетов інілік ізетпен жалғады.

- Махамбет Демешұлының әр кен орнында өзіндік қолтаңбасы бар. Ағамыздың қарамағында жұмыс жасап, үлкен өндіріс мектебінен өттім. Ізіңізден ерген барша іні-қарындастарыңызға мақсатқа жету жолында қажырлықпен еңбектенуді

төмендеп, мамандыққа сұраныс айтарлықтай құлдырап кеткен бола-

өндіріске енгізілген техника мен технологиялық әдістер мұнай өнімдерінің күрт төмендеуін тоқтатып, бірқалыпты деңгейде ұстауға қол жеткізді. 1990 жылға дейін жылына 10 миллион тоннадан мұнай өндірілді. Бүгінгі күні «Өзенмұнайгаз» мекемесіндегі жас толқын алдыңғы буын ағалардың еңбек дәстүрін лайықты жалғастырып жүргенін мақтанышпен айтамын, - деген А.Тегісбаев мерейгерге «Еңбек ардагері» медалін табыстады.

Тағлымды шарада мерейтой иесі Махамбет Демешұлы балалық шағы мен өмір жолындағы қалыптасу кезеңдеріндегі естеліктерімен бөлісті. Саналы ғұмырын өндіріс алаңында кен игеруге арнаған майталман мұнайшы өзін көпшіліктің алдында ұлығалап, сый-құрметін көрсеткен «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына ризашылығын білдірді.

Салтанатты шараға арнайы шақырылған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Толқын Забиров мұнайшының құрметіне тамаша әндерін тарту етті.



БІР ҰҢҒЫНЫҢ ТАРИХЫ...

1980-ші жылдардың аяғына таман Жылыой ауданының аумағында бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, «Құлсарымұнайгаз» басқармасына жаңа кеніш, Аққұдық кен алаңы қосылды.

1990 жылдары бұрғылау жұмыстарының қарқындылығын кезінде, бұрғылау ертіңдісін дайындауға су жетпей, техникалық суды 35 шақырым Қисымбай кен орнынан тасуға мәжбүр болған сәттер болды. Көлікпен тасыған техникалық ашы су, қарқынды жүріп жатқан бұрғылау жұмыстарына және басқада өндірістік қажеттілікке жетпей жатқан кез-тін. Техникалық су тапшылығын шешу мақсатында 1991 жылы Аққұдық кен алаңынан су ұңғысын қазу қолға алынды. Нәтижесінде №2 ұңғысы қазылып, тереңдігі 1200 метрлік ұңғыдан тәулігіне 500 текше метрлік су бұрқағын (фонтан) шығарып, бұрғылау мұнараларының техникалық шөлін қандырған.

Кейін 1993 жылы бұрғылау жұмыстары бәсеңсігеннен кейін, №2 су ұңғысын бұғаттап, бітеу керек болған. Бітеу жолын саз ертіңдісімен тұншықтырып, артынан цемент ертіңдісімен тығындап, техникалық ұстынның (тех. колонна) бетіне қақпақ пісіріп, ұңғы айналасын таспен өріп жауып кеткен. Алайда, 1995 жылы ұстынның дәнекерленген тығыны ашы суға шіріп тесіліп ашылып кеткен, тәулігіне 500 текше метр су бұрқағы жоғарыға шапшып, аққан су сай саланы толтырып, үлкен көлге айналдырған болатын.

Дереу суды тоқтату қолға алдық. Біраз уақыт суды тоқтату жұмыстары үздіксіз жүргізілді. 24 жыл атқылаған су фонтаны, 2019 жылға қарай жайылған су көлемі бұрынғыдан екі есеге ұлғайып, үлкен көлге айналды. Аққұдық кен орнын су басу қаупі төнді. Сөйтіп, бұл ұңғы «Жылыоймұнайгаз» басқармасы үшін басты проблемаға айналды. Осы орын алған проблеманы шешу жолында болған бір оқиғаны еске салғым келіп отыр.

2019 жылдың жазында басқарманың сол кездегі бас инженері Табылды Қанатбаев мені шақырып алып, мені басқарма бастығына алып барды. Сол жылы басқармаға жаңадан бастық болып Ғибатолла Шанаевтың келіп жатырған кезі. Амандық саулықтан кейін Ғибатолла Толоғайұлы бірден Аққұдық №2 ұңғысы бойынша сөз бастап, көлдің кен орынға қауіп төндіріп тұрғанын, келесі жылғы бұрғылау жұмыстарына дейін іс насыраға шауып кету қаупі бар екенін айтты. «Өзіміз ұңғыны бітей аламыз ба?» деп сұрақты төтесінен қойды. Мен аз-кем ойланып «талаптанып көрейін» деп қысқа қайырдым. Г.Шанаев бұл проблеманы созбай, жабу керектігін кесіп, төтесінен бір-ақ айтты. Мен сол күні қалай жасалу керектігін, оған не керектігін, жасалуға тиісті жұмыстарды рет-ретімен ойға түйіп, қағазға түсірдім. Жұмыс бағыты анықталған соң, жауапты мамандармен кездесіп, ойымызды бір жүйеге келтірдік.

Сол кездегі цехтың аға инженері Мұхамбет Қанаевпен және Аққұдық кен орынының байырғы операторы Садақбай Сақтағановпен үшеулеп кездесіп, ұңғы басына барып ақылдастық. Ұңғыға суды қалай айдаймыз, айналасындағы баяғы қаланған тастарды бұзу керектігін, задвижканы қалай орнатамыз, бұрқақ атқылаған колоннаның бетін қалай тығындаймыз деген секілді сұрақтар бойынша біраз пікір талас болды. Біраз уақытқа созылған пікірталастың нәтижесі де болды, мәселенің шешімін тапқандай болдық.

Ұңғыны дайындауға 2 күн бөліп, 2 күннен кейін бұйырса жұмысты бастаймыз деп келісіп, мен кері кеттім. Айтқандай ұңғы 2 күнде дайын болды. ЦИТС-тан Нұрлан Ізтұрғанов, Прорвадан 2 машина (18м3+18м3) 36 текшеметр куб, тығыздылығы 1,19гр/см3 ауыр су алдырып жатқанын және қосымша тағы бір ЦА-320 агрегатын бөліп жатқанын хабарлады. Келіскен күнге ұңғы дайын, керекті құрал жабдықтармен техникалар материалдар түгел келді деген хабар жет-

кеннен кейін, ертеңгісі таң ата Аққұдық қайдасың деп кен орынға жолға шықтым. Алдын ала келіскендей, бірден ұңғы басына бардым. Барсам Мұхан ұңғы басында екен, ұңғыны өткенде келіскендей тиянақтап қойыпты. Ұңғыдан атқылаған су сондай шапшаңдықпен жоғарыға атқылап жатыр.

Менің жоспарым бойынша, бірінші ұңғыны тұншықтыру, ол үшін ұңғыға салмағы 1,19гр/см3 көлемі 36м3 (текше метр) ауыр суды ұңғыға айдап, ізінше артынан цемент ертіңдісін айдау. Ауыр суды айдау кезінде ұңғы басылып, айдаған суды жұта бастайды, сол кезде ізінше көлемі 1,6м3 (текшеметр) цемент ертіңдісін ұңғыға айдап, қабат қойнауына жетер-жетпестен қабат ауызының кіре берісіне тығын қылып қатыру. Егер растворды қабат жұтып қойса бітті онда, дым болмағандай қабат қысымымен су қайта шапшып, ұңғы бұрынғы қалпына қайта салады. Ол үшін цемент ертіңдісін тығыздылығы 1,19гр/см3 тұзды суға езіп дайындауым керек. Тұзды су цемент ертіңдісін тез қатуына дайын табиғи «ускоритель». Цемент ертіңдісін тығыздылығы норма бойынша 1,75 гр/см3 -1,82гр/см3 аралығында болу керек болса, мен оны одан жоғары 2,10гр/см3 жобасына әкелуім керек, ол қою балшық деген сөз. Сөйтіп ертіңдіні әбден езіп қоюлатып, қату жағдайына дайын етіп қоюым керек. Себебі, растворды айдау кезінде ұңғының жұтуын есепке алып, раствор 1200метр тереңдікке әп сәтте барады деген ой басымды жаулап алған. Сол үшін ертіңдіні қоюлатып, су қабатына жетер жетпестен қатыруға жұмыстану. Әрине бұл жерде айтуға оңай болғанымен тәуекелі жоғары, біріншіден біздің ЦА-320 агрегатының шөпірлері бұрын соңды цемент езіп көрген емес, және бүгінгі цементтің езілуінде ерекшелік бар. Бұл жерде жалғыз шөпір емес, басқада жұмысшылардың шапшаңдығымен үйлесімді іс қимылын қажет ететін кез. Тіптен жан берісіп, жаналысатын кез десем артық айтпаған болар едім. Тәуекелге бел буып, түске қарай күннің ыстығымен қабаттасып, жұмысты бастап кеттік. Біраз уақытты артқа тастадық. Нәтиже жаман емес сияқты, суды 0 атм қысыммен жұтып жатқан қабат, цемент ертіңдісін шамадан тыс қою болуының арқасында, контрольный жидкосттан 5м3 айдағанда айдау қысымы бірден көтеріле бастап, соны 50атм қысымға жеткенде агрегатты тоқтаттық. Ұңғыны жауып, линияны жинақтадық. Ерtesіне Такеңмен бастыққа кіріп, жағдайды айтып, 48 сағат күтейік сосын ұңғыны ашып көреміз, сонда белгілі болады дедім.

2-тәулік уайым болды, басшылардың сенім артып тапсырған үміті қалай болар екен деген ой, 2 тәулік емес 2-айға созылғандай болды.

Міне 2-тәулік өтті. Нәтиже біз күткендей болды.

2-айдан кейін цехтың жігіттері ұңғы сағасын жермен жексен етіп кесіп, басына тақтайшасын орнатып, сыртын шарбақпен қоршап кетті.

Міне, осылай 24 жыл атқылаған су фонтаны, үлкен көлге айналып, кен орынды су басып қалу қаупін туғызған, талай мекемелердің бітей алмаған жұмысын, тіптен 1,5 млрд теңгеге бүрениемен көлбеу қазу арқылы бітемекші болған ұңғының тарихы осылай 2 тонна цементпен бітті.

Бұны бүгін неге айтып отырмын, ертеңгі мен бүгінгінің жастары, тіптен менің балаларым білсін, «Жылыоймұнайгаз» басқармасының басқа цехтарындағы әріптестер өз араларында жәймен жүрген жігіттердің қандай проблеманы шешкенін білсін. Білетіндер есіне алсын. Тағыда айтамын, «ақиқат айтылмаса ұмытылады». Еңбек тәжірибемде жасаған ерліктеріміз өзін айтпасам басқа кім айтады? Артыма қарап, еңбектегі өнеге болатындай іздеріміз басқаларда көрсін, білсін деймін.

Міне бір ұңғының тарихы...

**Қалдыбек Қосымбаев,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва
ұңғыларды жерасты жөнлеу
цехының бастығы.**



XXI ҒАСЫРДА

қазақ әйелінің келбеті ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

Қыз болашақ ұрпақ тәрбиелейтін - АНА. Адам бойындағы асыл қасиеттердің барлығы бойымызға ананың ақ сүтімен дариды. Бүгінгі қазақ әйелі барлық саланың жұмысына араласып, табысты еңбегімен көш бастап отырғандығы шындық. Осы орайда, ембілік қыз-келіншектер XXI ғасырдағы қазақ әйелінің келбеті туралы өз пікірлерін ортаға салды.



Тазагүл Калымова, «ӨТҚЖЖК» басқармасының көлік жөніндегі механигі:

- Қазіргі әйелдер дене күтіміне көңіл бөліп, спортпен айналысады. Өзіне жарасымды киімді таңдап киіп, сұлулығы мен сымбатын сақтауға ұмтылады. Білімді. Бәрінің барлық саладан хабарлары бар. Қазіргі заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеп, отбасының жағдайын қатар алып жүр. Сондай-ақ, өз білімдерін жетілдіріп, қосымша табыс тауып азаматына көмектесіп жүрген әйелдер де аз емес. Ең бастысы, ұлттық дәстүрлерді сақтап, баласының бойына ұлттық құндылықтарымызды дарытуға тырысады.



Жанар Құжакова, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай кен алаңының лаборанты:

Үйдің жұмысымен шектеліп отырған әйелдерді бұл ғасырда сирек кездестіреміз. Бұл-үй шаруасын ұмыту керек деген ойды түйіндемейді. Бүгінгі заманның әйелі жан-жақты болуымен ерекшеленеді. Бүгінгі қыз-келіншек- үнемі ізденіс үстіндегі жан. Үй жағдайын да, жұмысты да, бизнесті де шырқ үйіріп отыр. Сондай болуға тырысу керек. Заман жайбарақаттықты көтермейді.



Нұрсұлу Оспанова, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Геология және мұнай-газ кен орындарын игеру бөлімі бастығының орынбасары:

Қазіргі қазақ әйелдері - ана, жар, қоғамда өзіндік орны бар тұлға. Бүгінгі заманғы әйелдер қауымы жанұяның ұйтықы, жарының көмекшісі, бала тәрбиесімен қатар, қоғамда да өз іздерін қалдыруда. Ерлермен қатар қоғамның қай саласы болмасын әйелдер табысты қызмет етуде. Токмейісуді білмейтін, үнемі ізденіп, жаңалықты меңгеріп жүрген белсенділер қатарынан. Әйелі белсенді шаңырақтың өзге жандары да белсенді болары хақ.



Ляззат Мурзабаева, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №3 Шығыс Мақат МГӨ цехының МГӨ операторы:

Мен еңбек етіп жүрген мұнай саласында қара алтын өндірудің ауырлығына қарамастан арулар ел экономикасына айтарлықтай үлес қосып келеді. Бұл - әйелдер қауымына тән еңбекқорлық пен іскерліктің айқын көрінісі. Біздің ғасырдың қазақ әйелі отбасының ұйытқысы болымен қатар жеке кәсіпті де дөңгелетіп, даму, өсу жолында аянбайды. Іскерлігін көрсете отырып, жаңа әлемге жанаша көзқараспен, жанашылыққа құштар интеллектуал ұрпақ тәрбиелеуде. Саналы әйелден-саналы ұрпақ өседі.



Назым Өтегенова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңының тауар операторы:

-Заман өзгерсе де қазақ әйелі ұлтымыздың болмысына тән ата салт-дәстүрімізді үнемі сақтайтын, ұрпағына үйрететін, азаматын қадірлейтін асыл қасиеттерді дәріптейтін болмысынан айнымауы керек деп есептеймін. Әрине, сағат санап өзгеріп жатқан мына заманның көшінен де қалуға болмайды. Қазақ әйелі - кешегі күндегі жақсылықтар мен бүгінгі заманның жаңалықтарын бірдей ұстайтын жан-жақты жан болуы керек.



Агила Балғымбаева, «Ембімұнайэнерго» басқармасының 1-санатты еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері:

Әлемнің тез дамуы көз ілеспес шапшаңдықпен жүруде. Бүгінгі заманның әйелі сол шапшаңдыққа ілесе білуі керек. Біз- ең алдымен анамыз, жұбаймыз, сосын ғана, маман, белсенді әйелміз. Отбасының жағдайын күнделікті жұмыспен ұштастыра білу- бізге үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Біз осы міндетті әр кез биікте ұстай білуіміз керек.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Ғ.Шарафетдинова - Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

К.Қасымғалиев - Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов - "Жас мамандар" кеңесінің төрағасы.